


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының  
тілдерді оқыту орталығы  
директоры

  
Игенова А.А.  
« 24 » 09 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Директор  
«Н.Нұрмақов атындағы  
мамандандырылған мектеп-интернат  
лицейі» КММ директоры

  
С.А. Султанов  
« 24 » 09 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университетінің  
Басқарма Төрағасы Рectorsы  
И.О. Дулатбеков

  
« 24 » 09 2023 ж.

**«6В02305- Филология»  
бойынша  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
2023-2027  
Деңгейі: Бакалавриат**

Қарағанды – 2023

«БВ02305-Филология» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.
3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты.
4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығымен.
6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы.
7. «Педагогтің» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).
8. «Жалпы білім беретін мекемелерде жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар мен факультативтер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар 2018 жылдың 10 мамырындағы № 199 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

## Мазмұны

№	Бөлім атауы	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы	4
4	Кредит көлемі	4
5	Оқыту түрі	4
6	Оқыту тілі	4
7	Академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БХСЖ деңгейі	4
10	ҰБШ деңгейі	4
11	СБШ деңгейі	4
12	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша	4
14	Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Түлектің біліктілік сипаттамсы	4
а)	түлек лауазымдарының тізбесі	4
б)	Түлектің кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Түлектің кәсіби қызмет түрлері	4
г)	Түлектің кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	5
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау	7
19	Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	10
20	Сертификациялық бағдарлама (MINOR)	20
21	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	21
22	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	23
23	Түлек моделі	25

### Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

№	Параметр атауы	Сипаттамасы
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы:	6B02305 – Филология
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары:	6B02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар; 6B023 – Тілдер және әдебиет
3	Білім беру бағдарламасының тобы:	B037 Филология
4	Кредит көлемі:	240
5	Оқыту түрі:	күндізгі оқу нысаны
6	Оқыту тілі:	қазақ
7	Академиялық дәреже:	«6B02305 - Филология» білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры
8	Білім беру бағдарламасының түрі:	қолданыстағы
9	БХСЖ деңгейі:	6
10	ҰБШ деңгейі:	6
11	СБШ деңгейі:	6
12	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі:	жоқ
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша:	KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж. № 016
14	Білім беру бағдарламасын аккредиттеу атауы:	мамандандырылған; аккредиттеудің мерзім уақыты: 28.11.2019
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты:	кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, білік және дағдыны қалыптастыру болып табылады
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы:	<p>а) түлек лауазымдарының тізбесі: іс қағаздарын жүргізуші; аудармашы; заң-құқық органдарында лингвистикалық сараптамашы; редактор; корректор; білім беру ұйымдарында тәлімгер-педагог</p> <p>б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері: жалпы білім беру ұйымдары; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; ғылыми-зерттеу және жобалау-сынақтау мекемелері; басқару саласы; мектептен тыс білім беру-тәрбиелеу мекемелері; қоғамдық мекемелер болып табылады.</p> <p>в) түлектің кәсіби қызмет түрлері: білім: (орта және арнайы оқу орындарында оқытушы); мәдениет: (мәдениет мекемелерінің қызметкері); ғылым: (ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкері); баспа ісі: (өңдеуші, баспа өнімі редакторы); БАҚ, сондай-ақ интернет (газет, радио, теледидар, журнал редакцияларының қызметкерлері).</p> <p>г) түлектің кәсіби қызметінің функциялары: <b>оқыту</b> – оқу ақпаратын таратады, өз бетімен білім алуды үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қолданады, соның ішінде АКТ және т.б.; <b>тәрбиелеу</b> – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады және т.б.; <b>әдістемелік</b> – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.; <b>зерттеушілік</b> – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады; <b>әлеуметтік-коммуникативтік</b> – кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасап, заң-құқық органдарында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде лингвистикалық сараптама жасай алады және т.б.;</p>

## 17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының, философияның, қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді. Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобаларын іске асыру үдерістеріндегі себептер мен салдарды ғылыми сипаттау және талдау тәсілдерін біледі.
	ОН 2	Әлеуметтік, саяси, мәдениеттанушылық, психологиялық саланың біртұтас жүйелі бірлігі қоғам туралы, әлеуметтік-саяси ғылымдарды талдау және зерттеу пәні ретінде адам және оның топтық мінез-құлқы туралы, қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси дамуының бағыттары туралы біледі. Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психологияның базалық білімдер жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің өнімі ретінде түсіндіреді.
Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 3	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде вербалды және вербалды емес түрде еркін, қол жетімді және сенімді тілдік қатынас жасай алды. Мәдениаралық диалог тұрғысынан шынайы түсінік беру және сыни бағалау тәсілдерін меңгереді. Ақпаратты және құбылысты талдайды, жинақтайды және қайта өңдей алады. Оқытылатын тілдің әлеуметтік таңбаланған тіл бірліктерін дұрыс қолданады. Ақпараттық технологиялардың негізгі мүмкіншіліктерін біледі және Интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдаланады. Ақыл-ой және дене қызметін қамтамасыз ету мақсатында ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруді басқаруда дене шынықтыру және спорт құралдарын қолданады.
Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 4	Тілдің қоғамдық қызметін саралайды, тілдің ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын, тілдің шығу негіздерін айқындап, түсіндіріп бере алады, коммуникативтік жағдаят талаптарына сәйкес құрылымдарды тандап қолдана алады. Қазіргі қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесін, фонетикалық терминдерді; сөздер мен сөз тіркестерінің жазылу емлесін меңгереді. Сөздік қор мен сөздік құрамның ара қатысын, лексиканың кеңею және толығу жолдарын және сөзмағынасының түрлерін, фразеологизмдердің берілу жолдарын және түрлерін, сөз табына қатыстылығын топпен талқылайды.
	ОН 5	Фольклор үлгілері халық өлеңдері, эпостар мен лиро - эпостар, халық ертегілері мен аңыздардың өзіндік сипаттарын әдеби-теориялық тұрғыдан саралайды. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелуі, оның басатау алған кезеңдері жөнінде тарихи мағлұматтар алып, әдеби-теориялық талдау жасайды. XV-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын, XV-XIX ғасырдағы әдеби туындыларды, авторлардың көркем ойлау процестеріне баға беруді жүзеге асырады. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауды меңгереді. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің даму бағытын саралайды. Көркем шығармадағы қаламгер позициясын, стилін бағамдайды. Әлем әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгереді. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрлердің көрінісін меңгереді.
	ОН 6	Мәтіннің функционалдық типтерін салыстырып, олардың құрылымдық-семантикалық түзілу ерекшеліктерін нақтылайды. Сөз тарихы, сөздің жасалуы туралы, этимология түрлерін, сөз тарихының берілу жолдарын, этимологиялық талдау жасап, ғылыми тұжырымдарды саралайды. Түркі халықтарының тіліне тән ортақ сөздер мен сөз тіркестерін, тілдің тарихи дамуына байланысты мәліметтерді тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымда жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайды. Түркітануға, генеалогиялық классификацияға тән ұғымдарды, қағидаларды қалыптастырады, түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізуге байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсынады.
ОН 7	Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін қалыптастырады. Тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие үдерісінің негіздерін танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырады. Оқу мен оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын, жаңартылған білім мазмұнының	

		<p>тиімді тұстарын, инновациялық технологияларды жүйелеп талдайды. Білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Болжау мен бағалаудың, бақылаудың кешенді жүйесін меңгере отырып, қолдана біледі.</p>
	ОН 8	<p>Жалпы тілдік теориялардың шығу негізін танып біледі, негізгі зерттеушілердің еңбектерімен танысып, тілдік сараптау жасауды үйренеді. Қазақ әдеби тілінің тарихын, қалыптасу жолын, зеттелу жолын қарастырып, зерттейді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл тенденцияларды, көкейкесті тақырып пен идеяны, стилді бағамдайды. Әдебиеттану теориясының туу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеп, әдебиет теориясына қатысты терминологиямен танысады. Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен (әдебиет теориясы, поэтикасы, эстетикасы) сабақтас қазіргі жанр жүйесіне талдау жасайды. Абайдың ақындық мұрасының қазақ әдебиетінде қалыптастырған дәстүрлерін көркемдік сабақтастық тұрғыдан талдайды. Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты біледі және оларды оқытылатын салада қолданады.</p>

### 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 8	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы (МЕ)	5
		Философия	5
		Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	5
		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	
		Қолданбалы бизнес	
		Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	
		Ғылыми зерттеу негіздері	
ОН 1, ОН 2, ОН 3	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4
		Мәдениеттану, Психология	4
ОН 3	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар	5
		Орыс тілі	10
		Шетел тілі	10
		Дене шынықтыру	8
ОН 4	Қазіргі қазақ тілі негіздері	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және емлесі	5
		Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	5
		Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	6
		Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	5
		Оқу	1
ОН 5	Қазақ және шетел әдебиетінің тарихы	Қазақ халық ауыз әдебиеті	6
		Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ әдебиеті	5
		ХҮ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы	6
		XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы	5

		XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті	5
		Әлем әдебиетінің тарихы	4
ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 8	Әдебиеттану және лингвистика	Тіл ілімдерінің негіздері Тіл біліміне кіріспе және қалыпты грамматика	5
		Әдебиеттануға кіріспе Алаш әдебиеттануы	5
		Шығыс әдебиеті Қазақ прозасының типологиясы Түркі халықтары әдебиеті	5
		Көркем мәтінді лингвистикалық талдау Этимология	5
		Түркі тілдерінің тарихи және салыстырмалы грамматикасы Түркітануға кіріспе	5
		Қазақ әліпбиі, орфографиясы мен пунктуациясы Лингвистикалық сараптама	5
		Өндірістік	3
		Өндірістік	4
		ОН 4, ОН 7, ОН 8	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі (MINOR)
Білім беру мониторинг негіздері Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары	5		
Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесі	6		
Қазақ тілін оқыту әдістемесі Қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқыту	6		
Қазіргі қазақ әдебиеті	5		
ОН 5, ОН 8,	Тіл мен әдебиеттің теориясы, тарихы	Мәтін синтаксисі	4
		Жалпы тіл білімі	5
		Қазақ әдеби тілінің тарихы	5
		Әдебиет теориясы	5



ОН 4, ОН 8	Көркем әдебиет дискурсы және тілдік тұлға	Әдеби мұраны игеру проблемасы Абайтану Шығармашылық шеберхана	6
		Стилистика Тіл мәдениеті	6
		Қазіргі әдеби дискурс Қазақ әдеби сынының тарихы Қазақ библиографиясының тарихы	5
		Контрастивтік лингвистика XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының тілдік мұрасы	5
		Өндірістік	15
		Дипломалды	3
		ОН 4, ОН 5, ОН 8	Қорытынды аттестаттау

### 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредиттер саны									
				NO 1	NO 2	NO 3	NO 4	NO 5	NO 6	NO 7	NO 8	
D1	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.	5		+							
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Пән білім алушылардың құқықтық тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған.			+							
	Қолданбалы бизнес	Пән идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.			+							
	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.										+
D2	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және емлесі	Қазақ тілінің негізгі салаларына қатысты мәселелерді, орфография мен пунктуацияны оқытудағы қиындық келтіріп жүрген жайларды саралау, емле мен тыныс белгілердің ғылыми негіздерін сөз ете отырып, тыныс белгілерін жазу практикасында қолдануды бір ізге түсірудің тиімді жолдарын қарастыру.	5			+						

	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	Сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысы, сөз мағынасының түрлері, фразеологизмдердің берілу жолдары, түрлері, сөз табына қатыстылығы меңгеріледі. Сөз, ұғым, мағына және оның түрлері, фразеология, этнолингвистика жайында теориялық материалдар ұсынылып, лексикология және этнолингвистика мәселелері қарастырылады. Пәнді оқыту нәтижесінде лексикология мен этнолингвистикаға қатысты дағдылары қалыптасады.	5			+					
	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруін, сөз және оның формаларын, оның құрастырудың жолдары мен тәсілі, амалы туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрі мен олардың топтарға бөлінуін, әр топқа енген сөздердің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде студенттерге терең теориялық білім беруді қарастырады.	6			+					
	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Пән сөз формаларының синтаксистік қызметі, сөз тіркесінің түрлері, сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің құрылымдық типтері, құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары, олардың жасалу жолдары, бөгде сөз, тыныс белгілер жүйесі жайында студенттерді негізгі ақпараттармен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұл білімін іс-тәжірибе жүзінде пайдалануға мүмкіндік жасайды.	5			+					
D3	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазақ халық ауыз әдебиеті пәні фольклордың, фольклористика ғылымының туу, қалыптасу, даму тарихының күрделі кезеңдерін қазақ әдебиетінің бастаулары ретінде оқытуды мақсат етеді. Курс халық ауыз әдебиетінің эстетикасын, поэтикасын, тарихи-әлеуметтік сипаттары, оның дәстүрлік стильдері, халық шығармашылығының көркемдік әдістері, ауыз әдебиетінің шындыққа эстетикалық қарым-қатынасын зерттейді.	6			+					
	Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ әдебиеті	Ежелгі сақ, ғұн дәуіріндегі әдеби жәдігерлер және Көне Түркі қағанатындағы жазба ескерткіштердің тарихи мәні мен мәдени құндылықтарын біледі. Ұлттық әдебиет тарихының алғашқы бастаулары болып табылатын Қайта өрлеу және Алтын Орда дәуірлерінің әдеби жәдігерлері мен дастандардың көркемдік ерекшелігін айқындайды. Әдебиет тарихының туу, қалыптасу кезеңдерін меңгереді.	5			+					
	XV-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы	Курс білім алушыларға қазақ әдебиетінің дамуының тарихи кезеңдерін сатылай кешенді зерттеу мақсатында XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің әдеби мұрасымен таныстырып,	6			+					

		терендетіліп оқытады. Пәнді оқыту барысында студенттер халық ақындарының өмірі мен шығармашылығынан қажетті деректерді біледі, әдебиеттану бойынша жүргізілген ғылыми ізденістерді меңгереді.									
	XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы	Курс XX ғасыр басындағы әдебиеттің тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық даму үдерісінің ерекшеліктерін талдау мақсатында оқытылады. Азаматтық мұрат-мақсаты отаншыл қасиеттерге негізделген Алаш қайраткерлерінің әдеби және қоғамдық істерінің тарихи маңызы, қалам қайраткерлерінің түрлі жанрдағы шығармашылық ізденістерінің эстетикалық әлемі, жаңашылдық қырлары қарастырылады.	5				+				
	XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті	Курсты меңгеру барысында студенттер көркем әдебиеттің даму тенденцияларын анықтай алады. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби туындылардың поэтикасына қатысты жазылған әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың еңбектеріндегі ой-пікірлер, тұжырымдарын біледі. Суреткер шығармаларындағы адам тұлғасының түрлі қарым-қатынастық жүйесін талдап, ұлттық және әлемдік көркемдік дамудың әсерін анықтайды.	5				+				
	Әлем әдебиетінің тарихы	Дүниежүзі халықтары әдебиетінің тарихы, даму кезеңдері, әдеби бағыттарына қатысты жазылған еңбектермен жан-жақты танысады. Әлем әдебиетіндегі классиктердің және жекелеген ақын-жазушылардың қазақ тіліне аударылған шығармалары, олардың көркемдік құндылығы, сапасы, аудармашының әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі саралайды. Шетел жазушыларының шығармаларын әдеби-теориялық тұрғыдан ауқымды талдау жасайды.	4				+				
D4	Тіл біліміне кіріспе және қалыпты грамматика	Сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесіне, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктеріне, үндестік заңына, орфоэпия мен орфография, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтарына қатысты теориялық және практикалық тұрғыдан жүйелі білім беріледі.	5				+				
	Тіл ілімдерінің негіздері	Оқу барысында студенттер тіл ілімінің негіздері, оның негізгі санаттары, талдау түрлері, ондағы тілдік бірліктердің ерекшеліктерін ажырата алады. Структуралық лингвистиканың немесе структуралық әдісінің дүниеге келушінің ішкі - сыртқы себептерін,					+				

		ондағы тілдік құралдардың мазмұнды бейнелеуге қатысын анықтайды. Қолданылған тілдік құралдардың мағынасы, мәні, эстетикалық қызметін меңгереді. Шығарманы талдаудың жолдары мен әдістерін айқындайды.									
	Алаш әдебиеттануы	Алаштық әдебиеттану ғылымы тарихы бастаулары мен арналары туралы білім жүйесін біледі және меңгереді. Ғылыми зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасу кезеңдері туралы тұжырымдарды қазіргі кездегі ғылыми көзқарастармен ұштастыру мақсатында оқытылады. Қазақ әдебиеттануының дәуірлерінің әр кезеңіндегі жетістіктері мен кемшіліктеріне ғылыми тұрғыда бағалайды.	5					+			
	Әдебиеттануға кіріспе	Курс білім алушыларға көркем әдебиеттің мәні мен маңызын танытып, әдебиеттану ғылымының салалары бойынша білімін толықтыру мақсатында оқытылады. Білім алушылардың көркем әдебиет пен әдеби шығарманы тілдік, поэтикалық және мазмұндық талдау дағдысын қалыптастырады. Пәнді игеру келесі кезеңде оқытылатын пәндерге алғышарт болып табылады.						+			
	Қазақ прозасының типологиясы	Пән қазақ прозасының көркемдік даму бағыттарын, ағымдары мен олардың ерекшеліктерін айқындау, прозалық шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі қазақ прозасының типологиялық сипатын, жанрлық ерекшелігін талдайды. Қазіргі прозаның басты өкілдерінің шығармаларындағы стильдік-көркемдік әдістері мен тәсілдерін айқындайды.	5					+			
	Түркі халықтары әдебиеті	Түркі халықтары әдебиетінің зерттелу тарихын, түркі әдебиетінің топтастырылуы мен өзіндік ерекшеліктерін біледі. Түркі жазушылары мен ақындарының шығармаларын поэтикалық, мазмұндық және салыстырмалы және салғастырмалы талдау жасау арқылы ғылыми зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Қазақ және түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетіндегі ортақ белгілері мен айырмашылықтарын айқындайды.						+			
	Шығыс әдебиеті	Пән білім алушыларға шығыс классиктерінің шығармашылық шеберлігін, көркемдік ізденістері мен өркениетке қосқан үлестерін айқындай отырып, маңызын түсіндіру мақсатында оқытылады. Шығыс әдебиетіндегі жанрлық ерекшеліктерін, әдеби ағымдары мен бағыттарын талдайды. Ақын-						+			

		жазушылардың ұлттық әдебиетті дамытудағы рөлін айқындайды. Әдеби байланыстардың рухани мәдениетті жаңартудағы маңыздылығын қарастырады.									
	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	Пән білім алушыларды көркем мәтінге тілдік тұрғыда талдау жасауға үйретеді. Әдебиет стилистикасы және лингвостилистика, автор және оқырман стилистикасы, мәтін , оның типтері, байланысы, көркем мәтіннің санаттары, оның лексика-фразеологиялық қабаты, интертекстуалды байланыстар, тілдік тұлға құзиреті, мәтіндегі троптар мен фигуралар туралы түсінігін қалыптастырады.	5						+		
	Этимология	Этимология және сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысын, лексиканың кеңею және толығу жолдарын және сөз мағынасының түрлерін, фразеологизмдердің берілу жолдарын және түрлерін, сөз табына қатыстылығы меңгеріледі. Сөздің шығу тарихын, жасалу жолын, қолданылу сипатын және берілу жолдары жайында алған білімдерін, сөздік құрам туралы түсініктерін этимологиялық талдауда қолданып, тарихи лексикология мәселелері жан-жақты қарастырылады.							+		
	Түркі тілдерінің тарихи және салыстырмалы грамматикасы	Пән қазақ және басқа түркі тілдерінің жалпы сипатын, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктері мен салыстырмалы грамматикасын жан-жақты меңгерту мақсатында оқытылады. Түркі тілдерінің классификациясы туралы мәлімет бере отырып, қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық сипатын айқындайды , қазіргі қазақ тілі мен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырады.	5							+	
	Түркітануға кіріспе	Пән түркі тілдерінің зерттелу тарихын, түркі тілдерінің топтастырылуы мен өзіндік ерекшеліктерін, түркі жазуы тарихының кезеңдерін меңгерту мақсатында оқытылады. Түркітанудың қалыптасу, даму тарихын, түркі тілдерінің классификациясын, , ертедегі және қазіргі түркі әдеби тілдерінің графикалық жүйелерін, жазба мәтіндерін салыстыра және салғастыра талдау әдістерін меңгереді.								+	
	Лингвистикалық сараптама	Пән лингвистикалық сараптаманың табиғаты мен түрлері, сараптамалар мен зерттеулер жүргізудің заңнамалық базасы туралы теориялық білім беру, лингвистикалық сараптама жүргізу дағдыларын қалыптастыру, тілдің қоғамдағы коммуникативтік	5						+		

		және функционалдық қызметіне құқық кеністігін делингвистикалық бағаберу, сондай-ақ сараптамалық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.									
	Қазақ әліпбиі, орфографиясы мен пунктуациясы	Пән қазіргі заманның орфографиялық және пунктуациялық жүйесіндегі ең белсенді аймақты анықтау мақсатында оқытылады. Курс орфографияны тілдің лексика, фонетика, грамматика және сөзжасам жүйесімен байланысты сала ретінде танысуға арналған. Тыныс белгісін қою, сөздікпен және басқа да анықтамалық әдебиетпен жұмыс істей білу мәселесі қарастырылады.								+	
D5	Тәрбие жұмысының әдістемесі	Курс болашақ мұғалімдердің студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының теориясы, әдістері мен технологиялары туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Мектептің оқу-тәрбие үрдісі біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі ретінде, мұғалімнің сыныпта және мектепте оқушылармен жүргізетін тәрбие жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы сұрақтар қарастырылады.	5							+	
	Педагогика	Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған.								+	
	Білім беру мониторинг негіздері	Білім алушылардың педагогикалық процесті ұйымдастыру және бақылау әдістері туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық процесті оның қажетті нәтижеге сәйкестігін немесе білім беру жүйесінің жай-күйі туралы тұтас көзқарастық алыптастырудың бастапқы ұстанымымен ақпараттық шарттарын анықтау мен зерттеуге арналған. Білім беру ақпаратын интерпретациялау мен педагогикалық жүйедегі сапалық және сандық өзгерістер мәселелері қарастырылады.	5							+	
	Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары	Пән білім берудегі топтық жұмыс, көшбасшылық және оқу үдерісін басқару ерекшеліктері, идеалды мұғалім туралы түсінік қалыптастыру, құндылықтар, идеялар, әсер ету әдістері арқылы оқушыларды								+	

		ынталандыру, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын, сабақта, оқу процесін басқару барысында педагогикалық тиімді құралдарды қолдана білу, білім беру бағдарлама идеяларын оқыту тәжірибесіне енгізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.									
	Қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқыту	Курсты оқу барысында қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқытудағы әдіс-тәсілдерді, жаңа технологияны қолдануды және сын тұрғысынан ойлауды, оқуды бағалауды меңгереді, ғылыми тұжырымдарға сараптама жасайды. Оқыту әдістемесіндегі материалдарды меңгереді, алған білімдерін рефлексияда іске асырады. Әдіс-тәсілдерді меңгереді, алған білімдерін өзін-өзі жетілдіруде пайдалана алады.								+	
	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Пән білім алушылардың оқу барысында алынған білімін практикалық іс-әрекетте қолдану дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сонымен қатар, жан-жақты тарихи-әдеби, теориялық толық мәлімет пен практикалық дағдылар туралы түсініктерді игереді. Қазақ тілін педагогика және психологиямен байланыста оқыта отырып, оқытудың мазмұнын, түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын меңгереді.								+	
	Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі	Курс білім алушылардың филологиялық-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға, дамытуға, қазақ әдебиетін оқыту саласындағы болашақ кәсіби қызметке дайындауға бағытталған. Пәнді оқыту барысында студенттер әдебиетті оқытудың маңызды заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, көркем шығармаларды мектеп жүйесінде оқыту дағдысын қалыптастырады. Сондай-ақ, әдебиетті оқыту теориясы мен әдістері саласындағы білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастырады.	6							+	
	Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесі	Курс білім алушыларға заманауи мектептің жұмыс жағдайында практикалық қызмет үшін қажетті білім, білік, кәсіби дағдылар жүйесін меңгертеді. Пәннің мазмұнын қазақ әдебиеті пәнін оқыту бойынша қолданылатын интерактивті әдістер құрайды. Білім алушылардың қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.								+	



	Мәтін синтаксисі	Пәнде мәтінге тән белгілер, мәтінтүзімдік құралдар, сөз таптарының, толымсыз, атаулы сөйлемдердің мәтін байланыстырушылық қасиеттері қарастырылады. Мәтін теориясы, мәтін түзуші құралдар жайында түсіндіреді және пайдалануға мүмкіндік береді.	4							+	
	Қазіргі қазақ әдебиеті	Пәнді оқу барысында білім алушылар ұлттық әдебиеттегі адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адам сияқты күрделі қарым-қатынастық жүйелердің көркем шығармада берілу жолы мен ерекшеліктерін айқындайды. Кейіпкерге образдық талдау жасау арқылы адамның әлеуметтік және рухани психологиялық қырларына қатысты өз көзқарасын білдіре алады.	5								+
	Жалпы тіл білімі	Пән жалпы тіл теориясының өзекті мәселелері бойынша білімді қалыптастырады. Тіл білімі ғылымының қалыптасу және дамуын, лингвистикалық мектептердің қалыптасу жолдарын, лингвистикалық бағыттардың мәнін, сонымен қатар лингвистикалық талдаудың әдістерін меңгереді. Лингвистикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсінеді, тілдердің классификациясын саралап талдай алады.	5								+
	Қазақ әдеби тілінің тарихы	Курс жазба ескерткіштердің лингвистикалық және әдеби ерекшеліктерін талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әдеби тілдің табиғатын, оның ауызша және жазбаша түрлерін, қазақ әдеби тілінің зерттелу тарихын, даму кезеңдерін меңгереді. Қазақ әдеби тілінің ауызша тараған түрін танытатын нұсқалардың текстологиялық ортақ белгілерін анықтайды.									+
	Әдебиет теориясы	Курс әдебиет теориясы мен көркем әдебиет туралы ғылыми ұғымдар жүйесін дамытуды қамтиды. Білім алушылар әдебиет теориясы пәнінің мазмұны мен формасының ерекшеліктерін, шығармашылықтың басқа түрлерімен және басқа ғылымдармен байланысын анықтай отырып, көркем шығарманы талдау дағдыларын қалыптастырады.	6								+
D7	Абайтану	Пән білім алушыларға Абай шығармалары мен философиялық ойларын өзіне дейінгі ойшылдардың мұраларымен байланыстыра отырып, тақырыптық және идеялық сабақтастығын талдай отырып оқытады. Курс ұлттық әдебиеттанудағы абайтану ілімінің қалыптасу жолдарының ғылыми өзекті	6								+

		мәселелерін жан-жақты игерген, ақынның адамгершілік мұратын ұлттық және адамзаттық гуманизм өнегесі тұрғысынан байыптай білетін мамандар қалыптастырады.										
	Әдеби мұраны игеру проблемасы	Пән әдебиеттану ғылымындағы көне дәуірден бастап жазба жәдігерлердің зерттелуінің даму үрдістерін, әдіснамалық мәселелерін меңгерту мақсатында оқытылады. Әдеби мұраны зерттеуде ғылыми-зерттеушілік сипаттағы әдістерді қолданудағы ғылыми әдіснаманы игереді. Әлемдік әдебиеттанудағы түрлі мектептердің, бағыттардың күрделі мәселелерін ғылыми зерттеу жұмыста қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.										+
	Шығармашылық шеберхана	Әдеби шығармашылық психологиясы туралы теорияларды, әдеби шығармашылық үлгілері мен өзге өнер түрлері аясындағы жақындық пен даралықты, ортақ белгілерді меңгереді. Шығармашылық еңбек процесінің сатыларын айқындайды және талдайды. Өмір құбылыстарының көркем пішінге көшу процесін танытуда жазушының жеке психологиялық ерекшеліктері мен қағидаларын таниды.					+					
	Стилистика	Бұл курста стилистиканың мақсаты мен міндеттері, стилистикалық талдаудың принциптері мен әдістері, стиль түрлері және олардың ерекшеліктері қарастырылады. Студенттер стилистика түрлерін, стилистикалық тәсілдерді, тілдік бірліктердің стилистикалық бояуы және оның компоненттерін, лексика-фразеологиялық мәнерлі құралдарды және стилистикалық фигураларды, олардың жіктелуі мен функцияларын меңгереді.	6									+
	Тіл мәдениеті	Курста сөйлеу мәдениеті коммуникативтік мәдениеттің базалық компоненті екені, норма түсінігі және түрлері мен тілдік нормадан ауытқу жолдары, оның себептері қарастырылады. Студенттер нормалар типологиясын, белгілерін, әдеби тіл нормаларының қалыптасуын меңгереді, сондай-ақ тілдік бірліктер мен бейвербалды құралдардың коммуникативтік жағдаятқа сәйкес дұрыстығын, әсерлілігін, орындылығын айқындайды.										+
	Қазіргі әдеби дискурс	Пән оқу көркем мәтіндегі фактуалды, концептуалды ақпараттың көрінісін дискурсивті тәсілдер арқылы меңгерту мақсатында оқытылады. Қазіргі әдебиеттанудағы дискурс және әдеби үдерістегі шығармалар авторы туралы түсінігін қалыптастырады. Қазіргі интегралды дискурс	5									+

		теориясының даму барысындағы негізгі категориялар мен көркем шығармалардың ғылыми зерттеушілік, оқу және кәсіби міндеттерін меңгереді.										
	Қазақ әдеби сынының тарихы	Пәнді игере отырып, білім алушылар қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі саласы болып табылатын әдеби сынның туу, қалыптасу, даму жолдары туралы ұғым-түсініктерді қалыптастырады. Курстың негізгі мақсаты – студенттердің филолог-маман, әдебиет сыншысы бола білу жолындағы қабілеті мен бейімділігін ұштау, ғылыми-зерттеу жұмыспен шұғылдануға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.										+
	Қазақ библиографиясының тарихы	Пән білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық, әдеби тарихи ой-пікірдің қалыптасу кезеңдеріндегі библиография туралы зерттеу еңбектердегі тұжырымдарды, қорытындыларды қазіргі кездегі ғылыми көзқарастармен ұштастыра отырып, қазақ библиографиясының бастаулары мен ғылыми арналарын меңгерту мақсатында оқытылады. Қазақ әдебиеттану тарихының әр дәуірлерінің кезеңдеріндегі библиографияның жетістіктері мен кемшіліктеріне ғылыми тұрғыда жеке баға беру дағдыларын қалыптастырады.					+					
	XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының тілдік мұрасы	Пән ұлттық руханият әлеміндегі ерекше құбылыс ояну дәуіріндегі Алаш зиялыларының тілдік мұрасын, рухани құндылықтарын таныту мақсатында оқытылады. Алаш қайраткерлерінің әдеби және қоғамдық істерінің тарихи маңызын, еңбектерінің ұлт болашағы үшін құндылығын меңгереді. Алаш қайраткерлерінің түрлі жанрдағы шығармашылық ізденістерінің эстетикалық әлемі, жаңашылдық қырларын айқындайды.	5									+
	Контрастивтік лингвистика	Пән қазақ және орыс (шетел) тілдеріндегі грамматикалық ерекшеліктерді меңгерту мақсатында оқытылады. Қазақ, орыс, шетел тілдері заңдылықтарын үйрену үшін қажетті мәтіндердің функционалды типтерінің вербалды құрылымындағы лексика-семантикалық құралдарды талдайды. Салғастырмалы грамматиканың теориясы мен практикасы, әр тілдің грамматикалық заңдылықтары туралы, қазақ, орыс және шетел тілдеріндегі грамматикалық ерекшеліктерді меңгереді.										+

**20. Сертификациялық бағдарлама (MINOR) «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» - 22 кредит**

Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі/Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесі – 6 кредит

Қазақ тілін оқыту әдістемесі/Қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқыту - 6 кредит

Педагогика/Тәрбие жұмысының әдістемесі – 5 кредит

Білім беру мониторинг негіздері/Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары - 5 кредит

Сертификацияланған бағдарлама	Семестр						
	1	2	3	4	5	6	7
Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі (MINOR)				Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесі  Қазақ тілін оқыту әдістемесі Қазақ тілін жаңаша жаңғыртып оқыту	Педагогика Тәрбие жұмысының әдістемесі  Білім беру мониторинг негіздері Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары		

## 21. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ЖОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ЖОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының, философияның, қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндердің өзекті білімдерін көрсетеді. Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобаларын іске асыру үдерістеріндегі себептер мен салдарды ғылыми сипаттау және талдау тәсілдерін біледі.	интерактивті дәріс	тест
ЖОН 2	Әлеуметтік, саяси, мәдениеттанушылық, психологиялық саланың біртұтас жүйелі бірлігі қоғам туралы, әлеуметтік-саяси ғылымдарды талдау және зерттеу пәні ретінде адам және оның топтық мінез-құлқы туралы, қазіргі қоғамның әлеуметтік-саяси дамуының бағыттары туралы біледі. Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психологияның базалық білімдер жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің өнімі ретінде түсіндіреді.	кейс-әдістер	коллоквиум
ЖОН 3	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде вербалды және вербалды емес түрде еркін, қол жетімді және сенімді тілдік қатынас жасай алды. Мәдениаралық диалог тұрғысынан шынайы түсінік беру және сыни бағалау тәсілдерін меңгереді. Ақпаратты және құбылысты талдайды, жинақтайды және қайта өңдей алады. Оқытылатын тілдің әлеуметтік таңбаланған тіл бірліктерін дұрыс қолданады. Ақпараттық технологиялардың негізгі мүмкіншіліктерін біледі және Интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдаланады. Ақыл-ой және дене қызметін қамтамасыз ету мақсатында ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруді басқаруда дене шынықтыру және спорт құралдарын қолданады.	жобалық оқыту	презентациялар
ЖОН 4	Тілдің қоғамдық қызметін саралайды, тілдің ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын, тілдің шығу негіздерін айқындап, түсіндіріп бере алады, коммуникативтік жағдаят талаптарына сәйкес құрылымдарды таңдап қолдана алады. Қазіргі қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесін, фонетикалық терминдерді; сөздер мен сөз тіркестерінің жазылу емлесін меңгереді. Сөздік қор мен сөздік құрамның ара қатысын, лексиканың кеңею және толығы жолдарын және сөзмағынасының түрлерін, фразеологизмдердің берілу жолдарын және түрлерін, сөз табына қатыстылығын топпен талқылайды.	пікірталас	Жоба дайындау

ЖОН 5	<p>5 Фольклор үлгілері халық өлеңдері, эпостар мен лиро - эпостар, халық ертегілері мен аңыздардың өзіндік сипаттарын әдеби-теориялық тұрғыдан саралайды. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелуі, оның басатау алған кезеңдері жөнінде тарихи мағлұматтар алып, әдеби-теориялық талдау жасайды. XV-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын, XV-XIX ғасырдағы әдеби туындыларды, авторлардың көркем ойлау процестеріне баға беруді жүзеге асырады. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауды меңгереді. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің даму бағытын саралайды. Көркем шығармадағы қаламгер позициясын, стилін бағамдайды. Әлем әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгереді. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрлердің көрінісін меңгереді.</p>	инверттелген класс (Flipped Class)	эссе жазу
ЖОН 6	<p>Мәтіннің функционалдық типтерін салыстырып, олардың құрылымдық-семантикалық түзілу ерекшеліктерін нақтылайды. Сөз тарихы, сөздің жасалуы туралы, этимология түрлерін, сөз тарихының берілу жолдарын, этимологиялық талдау жасап, ғылыми тұжырымдарды саралайды. Түркі халықтарының тіліне тән ортақ сөздер мен сөз тіркестерін, тілдің тарихи дамуына байланысты мәліметтерді тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымда жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайды. Түркітануға, генеалогиялық классификацияға тән ұғымдарды, қағидаларды қалыптастырады, түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізуге байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсынады.</p>	дөңгелек үстел	портфолио
ЖОН 7	<p>Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін қалыптастырады. Тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие үдерісінің негіздерін танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырады. Оқу мен оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын, жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұстарын, инновациялық технологияларды жүйелеп талдайды. Білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Болжау мен бағалаудың, бақылаудың кешенді жүйесін меңгере отырып, қолдана біледі.</p>	Жобалық оқыту, дөңгелек үстел	Презентациялар, портфолио
ЖОН 8	<p>Жалпы тілдік теориялардың шығу негізін танып біледі, негізгі зерттеушілердің еңбектерімен танысып, тілдік сараптау жасауды үйренеді. Қазақ әдеби тілінің тарихын, қалыптасу жолын, зерттелу жолын қарастырып, зерттейді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл тенденцияларды, көкейкесті тақырып пен идеяны, стилді бағамдайды. Әдебиеттану теориясының туу, қалыптасу, даму жолдарын зерттеп, әдебиет теориясына қатысты терминологиямен танысады.</p>	Талқылау, дөңгелек үстел	Жоба қорғау

	<p>Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен (әдебиет теориясы, поэтикасы, эстетикасы) сабақтас қазіргі жанр жүйесіне талдау жасайды. Абайдың ақындық мұрасының қазақ әдебиетінде қалыптастырған дәстүрлерін көркемдік сабақтастық тұрғыдан талдайды. Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты біледі және оларды оқытылатын салада қолданады.</p>		
--	---	--	--

## 22. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
<b>ОН 1</b>	Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының, философияның, қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндерінің тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын, өзіндік ерекшелігін және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете біледі. Әлеуметтік, саяси, мәдениеттанушылық, психологиялық саланың біртұтас жүйелі бірлігі қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі туралы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары туралы, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері туралы білу және қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобаларын іске асыру үдерістеріндегі себептер мен салдарды ғылыми сипаттау мен талдау тәсілдерін меңгерген.
<b>ОН 2</b>	Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психологияның базалық білімдер жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің өнімі ретінде түсінеді және түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға бере біледі.
<b>ОН 3</b>	Кәсіби қызметтің міндеттерін, тұлғаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелерін шешу мақсатында қазақ, орыс және шет тілдерінде вербалды, вербалды емес түрде еркін, қолжетімді және сенімді тілдік қатынас жасай біледі; Салауатты өмір салтын ұстана біледі. Жеке іс-әрекеттерінде түрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (интернет ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша бұлтты және мобильді қызметтерді) меңгерген;
<b>ОН 4</b>	Оқытылатын саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсете біледі; Тілдің қоғамдық қызметін, ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын, тілдің шығу негіздерін біледі. Мәтінді талдау барысында алған білімді кәсіби деңгейде қолданып, қорытынды тұжырым істей алады. Лингвистика ғылымының салалары бойынша негізгі теориялық ережелерді, тілдік талдаудың әдіс-тәсілдерін меңгерген.
<b>ОН 5</b>	Оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті біледі; әдебиет тарихының негізгі кезеңдерін, әдеби ағымдардың, бағыттардың, әдістердің түсініктік мазмұны мен зерттеудің қағидаттарын, шығарманың сюжеттік, композициялық, көркемдік ерекшеліктерін біледі. Әлем әдебиетінің ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрлердің сипатын талдай алады. Көркем шығармадағы қаламгер позициясын айқындауды, стилін ғылыми тұрғыдан талдауды меңгерген.
<b>ОН 6</b>	Түркі халықтарының тілін жіктеп, салыстыра біледі. Мәтіннің функционалдық типтерін салыстыра алады, олардың құрылымдық-семантикалық түзілу ерекшеліктеріне талдау істей алады. Түркітануға, тілдердің классификациясына тән ұғымдарды, қағидаларды, түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізуді меңгерген.
<b>ОН 7</b>	Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық, тәрбиелік іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие үдерісінің негіздерін біледі. Оқу мен оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын, жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұстарын, инновациялық технологияларды жүйелеп талдай алады, оны педагогикалық тәжірибеде пайдаланып жұмыс істей алады.
<b>ОН 8</b>	Жалпы тілдік теориялардың шығу негізін, тіл тарихын біледі; түрлі тілдердің құрылымдық деңгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын айқындай біледі; тіл ресурстарының стилистикасын танып, оларды түрлі коммуникативтік жағдайда ауызша, жазбаша сөйлеу актілерінде пайдалана біледі. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге аспектілік әрі кешендік тұрғыдан талдау жасай алады; қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл тенденцияларды, көкейкесті тақырып пен идеяны, стильді бағамдай алады; әдеби-тілдік мұраларды көркемдік сабақтастық, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан талдау жасай алады; Абайдың ақындық мұрасын жетік меңгеріп, шығармаларына талдау жасай алады. Парадигмалық қатынастарды, тілдік үрдістердің қызметі мен даму заңдылықтарын, әдебиеттану теориясының туу, қалыптасу, даму жолдарын, қазақ әдебиеті сынының тарихын біледі. Ғылыми зерттеу жүргізу әдістерін және академиялық хатты біледі және оларды оқытылатын салада қолдана алады.



### 23. Түлек моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	Жеке тұлғаның әлеуметтік позициясы туралы түсініктерді, креативті ойлай білу, нарықта кәсіпкерлік пен бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде жеке тиімді жұмыс істей білу және топ мүшесі ретінде жұмыс істей білу; өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіру және дамыту; үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігін түсіну, жинақталған тәжірибені қайта бағалау, өз мүмкіндіктерін талдау дағдыларын меңгеру; академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	Ғылыми және практикалық міндеттерді, оның ішінде қызмет саласынан тыс міндеттерді шешу үшін кешенді ақпаратты оңдеудің және түсіндірудің қазіргі заманғы әдістерін еркін пайдалану; деректерді жинақтау, оларды өңдеу және талдау, сондай-ақ зерттеу және кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша белсенділікті қоса алғанда, цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер кешенін меңгеру; тілдік деректерді жинау, сәйкестендіру, сақтау және өңдеу, цифрлық технологияларды пайдалану білу; мультимедиялық контент жасау, цифрлық әрекетте әмбебап цифрлық дағдылар мен қауіпсіз іс-әрекет және кәсіби қызмет дағдыларын жетілдіру.
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	Филология саласында жоғары кәсіби біліктілігінің болуы; оқытылатын саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; лингвистика ғылымының салалары бойынша негізгі теориялық ережелерді, тілдік талдаудың әдіс-тәсілдерін меңгеру және мәтінді талдау барысында алған білімді кәсіби деңгейде қолдану, қорытынды тұжырым жасай білу; әдебиет тарихының негізгі кезеңдерін, әдеби ағымдардың, бағыттардың, әдістердің түсініктік мазмұны мен зерттеудің қағидаттарын, шығарманың сюжеттік, композициялық, көркемдік ерекшеліктерін білу; әлем әдебиетінің ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрлердің көрінісін саралай білу; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу.

#### Жұмыс тобының мүшелері:

Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі  
 Қазақ тіл білімі кафедрасының ассистент профессоры  
 3-курс студенті

С.А.Кенжеғалиев  
 С.Н.Саменова  
 Д.Медетбекова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды « 06 » 04 20 23 ж. Хаттама № 8  
 Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды « 28 » 04 2023 ж. Хаттама № 5  
 Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді « 30 » 05 20 23 ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор

Т.З.Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры м.а.

С.А.Смаилова

Факультет деканы

Е.Е.Түйте

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУЫ ЖОСПАРЫ**  
**6B02305 – Филология**


**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты индикаторлар**

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)
<b>1</b>	<b>Кадрлық потенциалды дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1	1	1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	2	2	2	2
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1	1	1	1
1.4	Басқа	Адам саны				
<b>2</b>	<b>Рейтингтердегі БББ жылжыту</b>					
2.1	НАОКО	Позициясы	3	3	3	3
2.2	НААР	Позициясы	3	1	3	3
2.3	Атамекен	Позициясы	3	3	3	3
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу</b>					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	-	1	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	1	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	1	1
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	1	1	1
3.5	Видео/аудиодеріс	Саны	2	2	2	2
3.6	Басқа	Саны				
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны				
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
4.3	Басқа	Саны				
<b>5.</b>	<b>БББ мазмұнын өзектендіру</b>					

5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	+	+	+	+
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл	-	-	-	-
5.5	Басқа	Жыл				

Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі



С.А.Кенжеғалиев